

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Шымкент кампусы

Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті

Жұқпалы аурулар және фтизиатрия кафедрасы

№ 3 Тәрбие жұмысының хаттамасы

17.11.2025ж

Қатысқандар: Кафедра меңгерушісі, м.ғ.д., доцент Г.А.Утепбергенова, м.ғ.к. С.А.Ташимова, оқытушы А.У.Кудабай және кафедраға сабаққа келген топ интерндер ТЕР 07-25, 06-25

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Абай Құнанбайұлының өмірбаяны мен шығармашылық мұрасына шолу жасау.
2. Абай поэзиясы мен «Қара сөздеріндегі» адамгершілік, білім, еңбек, мінез, тәрбие жөніндегі ойларды талқылау.
3. Абайдың 180 жылдық мерейтойының рухани-мәдени маңызы және қазіргі қоғам үшін өзектілігі.
4. Интерн-студенттердің кәсіби этикасы мен адамгершілік қалыптасуында Абай ілімінің орны.
5. Студенттердің баяндамалары мен жеке ой-пікірлерін тыңдау.
6. Пікірталас ұйымдастыру, қорытынды шығару.

Топ жетекшісі жиналысты ашып, Абай Құнанбайұлының қазақ халқының рухани мәдениетіне қосқан үлесі туралы кең көлемде баяндады.

Абайдың өмір жолы, оның халықты оқу-ағарту ісіне, мәдени дамуға шақырған ойлары жан-жақты түсіндірілді.

Ақынның өлеңдері мен қара сөздеріндегі еңбек, білім, адамгершілік, әділет, мейірімділік, болмыс тәрбиесі жөніндегі тағылымдар интерн-студенттердің кәсіби тұлғалық дамуына тікелей қатысы бар екені атап өтілді.

Топ жетекшісі сонымен бірге Абайдың 180 жылдық мерей тойы — жастарға ұлттық мәдениетті, әдебиетті, тарихи тұлғаларды терең тануға мүмкіндік беретін маңызды рухани шара екендігін айтты.

Студенттер алдын ала дайындалған шағын баяндамаларын оқып, Абай еңбектерінен мысалдар келтірді.

Баяндамаларда:

- «Толық адам» ілімі,
- жақсы мен жаманды ажырату,
- талап, еңбек, ақыл, қайрат бірлігін сақтау,
- «адам болу» жолындағы ізденіс,
- өз-өзінді тәрбиелеу,
- білімге адалдықпен ұмтылу

сияқты ойлар талданды.

Студенттер Абайдың этикалық қағидаларын медицина саласындағы маманға қажетті қасиеттермен (мейірімділік, жауапкершілік, әділдік, сабырлылық, ұқыптылық, адамға құрмет) байланыстыра отырып өз пікірлерін білдірді.

Топ жетекшісі мен интерн-студенттер арасында еркін пікірталас ұйымдастырылды.

Талқылау барысында:

Абайдың жастарға арналған өсиеттерінің бүгінгі интерн-дәрігерлердің тәртібі мен мәдениетіне әсері.

Медицина қызметкерлерінің кәсіби әдебінде Абайдың «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жүрек, мінез» қағидасының рөлі.

Абай шығармаларынан кәсіби тұрғыда өнеге алуға болатын тұстар:

пайдакүнемдікке жол бермеу,

адал еңбек ету,

өз қызметіне жауапкершілікпен қарау,

адамдармен сыпайы, мейірімді қарым-қатынас құру.

Абайдың 180 жылдығы — жас мамандарды рухани, мәдени тұрғыда тәрбиелеудің маңызды құралы екендігі.

Студенттер өздеріне әсер еткен өлең жолдарын, қара сөздерді атап, олардың мәнін түсіндірді.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Интерн-студенттерге Абай Құнанбайұлының шығармаларын оқуын жалғастырып, оның адамгершілік идеяларын кәсіби өмірде қолдану ұсынылды.

Әр студент бір қара сөзді таңдап, оның қазіргі қоғам мен медицина саласындағы тәрбиелік мәні туралы рефлексиялық ойларын баяндады.

Абайдың 180 жылдығына орай оқу орнында өтетін іс-шараларға барлық интерн-студенттердің белсенді қатысуы қамтамасыз етілді.









Кафедра меңгерушісі, м.ғ.д., доцент
Тәрбие жұмысына жауапты оқытушы

Г.А.Утепбергенова
А.У.Кудабай